




Х. ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ





Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау

Біріккен Ұлттар Ұйымының 2-Тұрақты даму мақсаты – «Аштықты жою» аясында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «ASU UMIT» қайырымдылық ұйымы мұқтаж отбасыларға көмек көрсету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізеді.

Қордың бастамасымен халықтың әлеуметтік осал топтарына азық-түлік себеттерін тарату акциялары ұйымдастырылды. Қолдау көпбалалы отбасыларға, қарт адамдарға және қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға көрсетілді.

Сонымен қатар, қордың еріктілері аз қамтылған отбасыларға арнап қаражат пен азық-түлік жинау жұмыстарын тұрақты түрде ұйымдастырады. Қайырымдылық жобалары аясында мұқтаж отбасыларға азық-түлік, киім-кешек және бірінші кезектегі қажетті заттар ұсынылды.

Мұндай бастамалар халықтың әлеуметтік осалдығын төмендетуге, азық-түлікке қолжетімділікті арттыруға және қоғамдағы өзара көмек пен қайырымдылық қағидаттарын нығайтуға ықпал етеді.



Волонтерлік қызметті және қайырымдылық бастамаларды дамыту

Тұрақты даму мақсатының 2-мақсаты – «Аштықты жою» бағытына қол жеткізуде «ASU UMIT» қайырымдылық қорының қызметі маңызды рөл атқарады. Қор бірнеше жылдан бері әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын жүзеге асырып келеді. Қор құрамында мұқтаж отбасыларға, балаларға, қарт адамдарға және халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетуге белсенді қатысатын университет студенттері біріктірілген.

Іске асырылған негізгі бастамалар:

- қайырымдылық жәрмеңкелерін ұйымдастыру және қаражат жинау;
- аз қамтылған отбасыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету;
- көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету;
- әлеуметтік акциялар мен волонтерлік жобаларға қатысу;
- балаларға арналған қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыру.

Қордың қызметі студенттер арасында әлеуметтік жауапкершілік, мейірімділік, еріктілік мәдениеті мен азаматтық белсенділік қағидаттарын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұқтаж азаматтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету және әлеуметтік қолдау көрсету арқылы Тұрақты даму мақсатының 2-мақсаты – «Аштықты жою» бағытын іске асыруға өз үлесін қосады.





Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ғылыми зерттеулер



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған ғылыми жобаларды жүзеге асырады. 2026 жылы Экономика кафедрасында Атырау облысы бюджеті есебінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шеңберінде қаржыландырылатын «Атырау облысының шөлейт аймағы жағдайында экологиялық таза қой және қозы етін өндіру технологиясы» атты ғылыми жоба орындалуда. Жобаның негізгі мақсаты – өңір жағдайында экологиялық таза мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің тиімді технологияларын әзірлеу. Зерттеу нәтижелері ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын арттыруға, экологиялық таза өнім өндірісін дамытуға және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған.

Аграрлық саладағы инновациялық әзірлемелер

Университетте агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Іске асырылып жатқан ғылыми әзірлемелер мен зерттеулердің қатарында:

- «Жатаған шыбық (прутняк простертый) өсіру тәсілі»;
- «Жатаған шыбықтан мал азығын дайындау тәсілі»;
- «Орман және жеміс-жидек дақылдарын өсіру кезінде сазды және ауыр саздақ топырақтарды тұзданудан қорғау және суару тәсілі»;
- «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі: қазіргі жағдайды талдау және тұрақты даму стратегиялары» (Food Security in Kazakhstan: Analysis of the Current State and Strategies for Sustainable Development);
- «Климаттың өзгеруі және экономикалық сын-қатерлер жағдайындағы агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту стратегиясының негіздері» (Fundamentals of the Strategy of Modernization of the Agro-Industrial Complex in the Context of Climate Change and Economic Challenges);
- «Қазақстандағы мал шаруашылығындағы кооперативтік шаруашылықтардың тиімділігі» (The Effectiveness of Cooperative Farming in Livestock Production in Kazakhstan).

Аталған ғылыми зерттеулердің нәтижелері тұрақты ауыл шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының тиімділігін арттыруға, мал азығы қорын жетілдіруге, топырақ құнарлылығын сақтауға және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді.



ТДМ 2-мақсатына қол жеткізу жолындағы алдағы қадамдар

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Тұрақты даму мақсатының 2-мақсаты – «Аштықты жою» бағыты бойынша қызметін одан әрі дамытуды жоспарлап отыр.

Басым бағыттар:

- халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау бағдарламаларын кеңейту;
- қайырымдылық және волонтерлік бастамаларды дамыту;
- азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ғылыми зерттеулерді кеңейту;
- ауыл шаруашылығына инновациялық технологияларды енгізу;
- аграрлық сектор ұйымдарымен, ғылыми мекемелермен және қоғамдық қорлармен ынтымақтастықты нығайту;
- жауапты тұтыну және тұрақты даму қағидаттарын насихаттау.

Университет алдағы уақытта білім беру, ғылыми зерттеулер және әлеуметтік жобалар арқылы өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, тұрақты ауыл шаруашылығын дамытуға және қоғамның әл-ауқатын арттыруға бағытталған бастамаларды жүйелі түрде жалғастырады. Сонымен қатар, Тұрақты даму мақсатының 2-мақсаты – «Аштықты жою» аясындағы халықаралық және ұлттық серіктестікті кеңейтіп, ғылыми әзірлемелерді тәжірибеге енгізуге және тұрақты даму мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлетін болады.

